Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

23 мамыр 2023 жыл №4712-23-00-2/1054іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ш.Тленов,
оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАПҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «Исатай Сүйеубаев атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Жақсыбаев Жазылбек Мәлікұлы

ТАЛАПҚОЮШЫНЫҢТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-ніңі223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМЕТТІ:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «Исатай Сүйеубаев атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Жақсыбаев Жазылбек Мәлікұлынмемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танутуралы талабы –қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Жақсыбаев Жазылбек Мәлікұлымемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Жақсыбаев Жазылбек Мәлікұлын мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішіндеосы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер

жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының апелляциялық сот алқасына тараптар шағым жасауы немесе прокурор апелляциялық өтінішхат білдіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Көшірмесі дұрыс

Судья А.Ш.Тленов

Анықтама.Шешім заңды күшіне 12.07.2023 жылы енді.

Судья А.Ш.Тленов

Документ подписан: Тленов А. Ш., 31.05.2023

4712-23-3-1/1097